

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.64>

Volume 3, Number 331 (2020), 49 – 56

ӨОК 787.1/.4(470+571).

FTAMP 18.41.91

М.С. Медеубек¹, С.Ы. Өтеғалиева¹ С.М. Медеубек²¹Құрманғазы атындағы ҚҰК, Алматы, Қазақстан;²Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан.E-mail: mms_turan0186@mail.ru; sa_u@mail.ru; medeubek.s.agat@gmail.com

ЕДІЛ БОЙЫНДАҒЫ ТАТАР, НОҒАЙ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЛ-КУБЫЗДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Орталық Азияны мекендейтін түркі халықтарының мәдениетінде қобыз тектес аспаптар көптеп кездеседі. Қазақ (қобыз), қырғыз (кыяк), қарақалпақ (қобуз) елдерінде бұл аспап жақсы сақталған. Аталған аспаптар Еділ бойын мекендеген татар, ноғай халықтарының мәдениетінде де болған. Бұл жұмыста тұңғыш рет Астрахань, Қырым татарлары мен Кубань ноғайларының қобыздары туралы сөз қозғалады.

Мақалада аталған елдердің қобыз тектес аспаптарын зерттей отырып, барлығына ортақ ұқсастықтар мен ерекшеліктер анықталып, бұл аспаптарды қайта жаңғырту мәселелері қарастырылады.

Жұмысты жазу барысында салыстырмалы-типологиялық, салыстырмалы-тарихи және жүйелі-этнофониялық (И. Мациевский) әдістер қолданылады.

Орталық Азия түркі халықтарының қобыз тектес аспаптары жайында біршама еңбектер жазылған. Олардың ішінде Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Н. Миронов, В. Беляев, В. Виноградов, А. Жұбанов, Б. Сарыбаев, Ф. Кароматов, Ә. Мұхамбетова, С. Субаналиев, С. Өтеғалиева, С. Күзембай, Г. Омарова және т.б. ғалымдардың еңбектерін айтуға болады. Еділ бойын мекендеген халықтарының қобыз аспаптары жайында жазылған еңбектер көп емес. Олардың ішінде Н. Исанбет, М. Нигмедзянов, Ш.Х. Монасыпов, Г.М. Макаров, Д. Булатова сынды ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Астрахань, Қырым татарлары мен Кубань ноғайларының қобыз тектес аспаптары салыстырмалы түрде зерттелмеген. Аталған халықтардың қобыздарын ғылыми айналымға енгізіп, салыстырмалы түрде зерттеп, ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау ғылыми тұрғыдан маңызды деп есептейміз.

Зерттеу нәтижелері аталған елдердегі қобыз тектес аспаптардың даму жолдары мен сол халықтардың мәдениетіндегі орнын айқындауға және аталған аспаптарды қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: ысқышты аспаптар, қобыз, нар-қобыз, қыл-қобыз, қобуз, қыл-қыяк, татар қыл-қобызы, ноғай қобызы.

Кіріспе. Орталық Азия – ысқышты музыкалық аспаптардың пайда болып, түркі халықтарына кеңінен тараған жері. Музыкалық аспаптарды ысқышпен тарту мәдениетінің пайда болуы бірінші мың жылдықтың екінші жартысына жатады [1, 57]. Сонымен қатар аталған аспаптар Еуразияға жақын орналасқан территорияларда кездеседі. Бұл аспаптардың оңтүстік славян халықтарында кездесуі түркі халықтарының Балқан өңіріне келуімен байланысты [2, 16]. Шығыс мәдениетінің Еуропаға таралуына Еділ бойын жайлаған Түркі халықтары себеп болған [3, 28]. Сол ысқышты аспаптардың бірі – қобыз. Қобыз – түркі халықтарына ортақ, екі қыл ішекті, ысқышты аспап. Бұл аспаптар қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек халықтарында ғана емес, Еділ бойын мекендейтін башқұрт, ноғай, татар халықтарында да болған. Қазіргі таңда өзбек, ноғай, татарларда аталған аспаптар қолданыстан шығып кеткен. Тек аспаптың атауы ғана сақталған.

Түркі халықтарының мәдениетінде қобыздардың көлемдері мен түрлері әртүрлі. Олар құрылымдық және орындаушылық әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Қазақ халқында қобыздардың белгілі бір көлемі, өлшемі болмағаны белгілі. Негізінен бұл аспаптар үлкен және кіші көлемді болып келеді. Аспаптар орындаушының дене бітіміне қарай [4, 114] және тұрғылықты мекенде

кездесетін ағаштың сипатына, жуан-жіңішкелігіне (шанақ діңнен біртұтас шабылатын болған) байланысты әртүрлі көлемде болған. Қазақ халқында үлкен пішінді қобыздарды «нар-қобыз» деп атайды. Қырғыз, өзбек, қарақалпақ елдерінде нар-қобыздар кездеспейді. Үлкен пішінді қобыздарды біз Еділ бойын мекендейтін ноғай, татар халықтарынан байқаймыз. Сонымен қатар қыраш татарларының музыка мәдениетінде *кубыз/кугыз, такта кубыз, сызгычты* (ысқышты) *кубыз* деп аталатын екі сым ішекті, тұтас тақтайдан құралып, бетіне ағаш қақпақ жабылып жасалатын аспап бар [5, 67].

Түркі халықтарына ортақ Махмұт Қашқаридің (XI ғ.) «Диван Луғат ат-Турк» атты сөздігінде «қобыз» атауы өзгеріссіз берілген [6, 347]. Бұл «қобыз» сөзінің өте көнеден келе жатқанынан және тек түркі халықтарына тиесілі екендігінен хабар береді. Жоғарыда аталған халықтарда аспаптардың атаулары бір-біріне өте ұқсас. Қазақ, ноғай халықтары «қобыз», «қыл-қобыз» десе, татарлар «кубыз», «кылкубыз» деп атайды.

Мақала Еділ бойын мекендейтін Астрахань, Кубань ноғайлары мен Қырым, Черемшан өзенінің бойын жайлаған татарлардың қобыздарына арналған. Аталған аспаптардың генезисін, таралуын, олардың эрғологіялық ерекшеліктерін тану Еділ бойы мен Еуразияны мекендейтін түркі халықтарының типологиялық туыстас аспаптарын, аспапты музыкасын зерттеу қажеттілігін тудырады. Жоғарыда аталған татар, ноғай халықтарының қыл-қобыз тектес аспаптары осы уақытқа дейін зерттеу нысаны ретінде алынбаған. Бұл аспаптар қолданыстан шығып кеткен және аталған аспаптар туралы жазылған еңбектер де өте аз. Сонымен қатар қобыздардың құрылымдық ерекшеліктерін, мәдениеттегі қызметін анықтау арқылы қазақ, татар, ноғай халықтарының өзара байланысына, қобыздардың даму жолдарына көз жеткізе аламыз. Тарихи деректердің негізінде бұл халықтардың қобыздарын салыстырмалы түрде зерттеу арқылы олардың өзіндік айырмашылықтары мен ортақ ұқсастықтарын тауып, ғылыми айналымға енгізу өзекті. Сонымен қатар бұл зерттеу жұмыстары аспапты қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыс аталған елдердің қобыздарының ерекшеліктері мен ортақ ұқсастықтарын айқындап, оларды қайта жаңғырту мәселелерін қарастыру мақсатында жазылған.

Мақаланы жазу барысында қобыздардың айырмашылықтары мен ортақ ұқсастықтарын анықтау және аспаптарды қайта жаңғырту міндеттерін қоямыз.

Тұңғыш рет аталған елдердің қобыздарына салыстырмалы-типологиялық талдау жасалады және салыстырмалы-тарихи, жүйелі-этнофониялық (И. Маңиевский) әдістер қолданылады. Аспаптардың морфологиялық және эрғологіялық қырлары қарастырылады.

Мақаланы жазу барысында әртүрлі материалдар пайдаланылды. 2017 жылдың Қараша айында Н.Г.Жиғанов атындағы Қазан мемлекеттік консерваториясында өткізілген ғылыми іс-тәжірибе кезінде жиналған мағлұматтар қолданылды. Ш.Х. Монасыпов, Г.М. Макаров, Л.И. Сарварова сынды Татарстан ғалымдармен және консерватория студенттерімен сұхбат жүргізілді.

Татар қобызын зерттеуде С.Г. Гмелин, П.С. Паллас, Н. Исанбет, М. Ниғмедзянов, Ш.Х. Монасыпов, Г.М. Макаров, З.Л. Гучев сияқты ғалымдардың ғылыми жұмыстарына сүйендік.

Татар, ноғай қобыздарының суреттері бірнеше ғылыми еңбектерде көрсетілген. XVIII ғ. С.Г. Гмелиннің кітабында Астрахань татарларының қобызының суреті бар [7, 138]. Академик П.С. Палластың 1793-1794 жылдары Ресей империясының оңтүстік провинциясына жасаған саяхаты жазылған кітабында Қырым татарларының қобызының суреті салынған (<https://aldusku.livejournal.com>). XIX ғ. Черемшан өзені бойындағы татар қобызының И. Георгидің сипаттамасы бойынша реконструкцияланған суреті Г.М. Макаровтың еңбектерінде жарық көрді. Кубань ноғайлары қобыздарының сипаттамалары мен суреттерін Адыгей Республикасының Еңбек сіңірген суретшісі, зерттеуші-шебер З.Л. Гучев бізге сыйға тартты. Кубань ноғайларының тағы бір суретімен өнерпаз, ноғай ақыны – Арсланбек Султанбеков қоғамдық ғаламтор желісі арқылы бөлісті.

Татар, ноғай халықтарының қобызы және олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары.

Татар халқының кылкубыз аспабы жайында ғалымдардың еңбектерінде жазылғанымен бұл аспап тыңғылықты зерттеле қоймаған. Кылкубыз жайында алғашқы деректер XVIIғ. «Дафтар-и Чинғиз-наме» дастандарының бірінде айтылады [8, 97]. Сонымен қатар «Туляк пен Сулу» (XIV-XV) дастанында кубыз аспабы думбра аспаптарымен қатар ансамбль құрамында көрсетілген. Ғалым Ш. Монасыпов кубыз аспабының XIXғ. дейін Еділ бойында жеке аспап ретінде ғана емес, ән, би сүйемелдейтін аспап ретінде қолданылғанын айтады [9, 42]. В.А. Мошков кылкубызды бақсы-балгерлердің аспабы болған деген дерек келтіреді [3, 41]. Татар қобызы туралы С.Г. Гмелин

өзінің «Путешествие по России...» еңбегінде жазып, аспаптың суретін көрсетін былай сипаттайды: «Татарская музыка и татарская пляска, о которой во время свадеб сею народа самое лучшее понятие получить можно, не заслуживает также, чтоб об них говорить много. При оных употребляется не более, как четыре инструмента. Первый называется *кобаз...*» [7, 138]. Бұл кітапта салынған қобыздың суреті қазақ қобыздарымен бірдей. Аспап ағаштан тұтас шабылып жасалған, пернелері жоқ. Ішек пен мойынның арасы алшақ орналасқан. Ғалым қобыздың құрылымдық, дыбыстық және кейбір орындаушылық ерекшеліктерін сипаттап, аспаптың той рәсімдері кезінде қолданылғандығы жайында ақпарат береді. П.С. Паллас Сібір татарларының музыкалық өмірін сипаттай отырып, қылқобыз аспабының казак-татарларының арасында болғандығын, аспап тұрқының, дыбысының аққуға ұқсайтындығын және ішектері қылдан тағылып, ысқышпен тартылатындығын жазған [9, 91].

Татарлардың тағы бір қобызының түрін И. Георгий былай сипаттайды: «Свадебные их увеселения состоят в пиршестве, музыке и пляске и продолжаются иногда несколько дней. В число музыкальных инструментов принадлежит и татарский, называемый *кобасом*, который подходит на открытую вверх и подобную кораблю скрипку, о двух волосяных струнах, кои перебирают пальцами и шаркают по ним смычком: но он редко употреблялся и голос от него еще хуже нежели от балалайки и употребляемых татарами *гусель об осьемнаднати кишечных струнах*» [10, 93]. Осы жазылғанның негізінде ғалым Г. Макаров аспаптың тұтас ағаштан қайық пішінінде шабылып, қобысы ашық қалатын қобыздың реконструкциясын жасайды.

Кубань ноғайларының қобызының сипаттамасы ғалым З. Гучевтің жеке мұрағатынан алынды. Солтүстік Кавказ, Майкоп қаласындағы Адыгей Республикасының Ұлттық мұражайында сақталған Кубань ноғайларының қобызы (инвентар нөмірі – АОМ №4990) мұражайға 1951 жылы қабылданған. Қобыздың шанағы еренге (ясень) ұқсайтын ағаштан жасалған. Бетқақпағы самырсын немесе шырша ағаштарынан жасалған. Бетқақпақ шанаққа қосымша былғары таспамен бекітілген. Бетқақпақта шеңбер, скрипканыкіндей эф (*f*) және үлкен белгісіз пішіндегі дыбыс ойықтар ойылған. Кіші шанақтың бетіне кішкентай дыбыс ойығы бар тері қапталған. Аспаптың басында айнаның орнына әйнек орнатылған. З. Гучев осы аспаптың келесі өлшемдерін береді: аспаптың жалпы ұзындығы 82 см; үлкен шанақтың ұзындығы 28 см; үлкен шанақтың жалпақтығы 27 см қобының тереңдігі 9 см; кіші шанақтың 24 см; кіші шанақтың жалпақтығы 8,5 см төмен қарай 3,5 см дейін жіңішкерген; кіші шанақтың тереңдігі 7 см; үлкен шанақтың қалыңдығы 1 см; кіші шанақтың қалыңдығы 5-7 мм; ағаш бетқақпақтың қалыңдығы 3 мм; тері шанақтың қалыңдығы 2 мм; мойынның ұзындығы 17 см; мойынның баспен түйіскен жердегі жалпақтығы 2,5 см, қалыңдығы 2,3 см; мойынның шанақпен түйіскен жеріндегі жалпақтығы 2,3 см, қалыңдығы 9 см; ағаш бетқақпақтағы домалақ ойықтардың арасы 7 см.

Кубань ноғайларының тағы бір қобызын XIX ғасырдың соңында Ресей императорының фотографы Д.И. Ермаков суретке түсіріп алған. Суретте бір топ ноғайлардың ішінен қобыз аспабын ұстап тұрған адамды көруге болады. А. Сұлтанбековтың айтуынша бұл суреттің тарихи маңызы зор. Суретте Қарачай-Черкес ноғайлары. XX ғ. 30-жылдарына дейін бұл жердегі ноғай халықтарының үйлену тойларында жыршы-жыраулар қобыздың сүйемелімен «Едіге» және т.б. жырларды жырлаған. А. Султанбеков Қазақстандағы қобыз жасаушы шебер Қ. Қазақбаевқа осы суреттегі қобыздың үлгісінде ноғай қобызын жасауға арнайы тапсырыс береді. Қолға ыңғайлы болу үшін аспап мойнын домбыраның мойны ұқсатып жасатады. Мойны ұзын әрі пернелері бар. Қыл ішекті үстінен басқан кезде ішек мойынға тиеді. Қобыздың беті тақтаймен жабылған, екі үлкен дыбыс ойығы бар. Кіші шанаққа тері тартылған.

Ұқсастықтары. Кубань ноғайлары мен Қырым татарларының қобыздарының ұзындығы малдас құрып отырған адамның бойымен бірдей. Майкоп қаласындағы Адыгей Республикасының Ұлттық мұражайында сақталған Кубань ноғайларының қобызының жалпы ұзындығы 82 см. Бұл аспаптар қазақ халқының үлкен пішінді нар-қобыздарына ұқсас. Әдетте қазақ халқында кездесетін осындай үлкен пішінді нар-қобыздардың көлемі 80 см-ден 1 метрге дейін жетеді. Қобыздардың ішектері аттың қылынан тағылған. Ішектерінің саны екеу.

Басы. Кубань қобызының басы мен Астрахань, Қырым қобыздарының басы күмбез тәріздес келеді және темір салпыншақтар ілінген. Сонымен қатар, әдетте қобыздың ішіне орнатылатын айна аспаптардың басына орнатылған. Бұл шанақ бетінің тақтаймен жабылуына байланысты болса керек.

Мойын. Майкоп мұражайындағы Кубань қобызы мен Қарачай-Черкес ноғайларының қобызының мойны аспап шанағымен тұтас шабылған. Қырым татарлары мен Кубань ноғайларының қобыздарының мойны қысқа және алға қарай иілген.

Шанақ. Майкоп мұражайындағы Кубань қобызы ағаштан тұтас шабылып жасалған. Кубань, Қырым татарларының қобыздарының беті тақтаймен жабылған. Майкоп мұражайындағы Кубань қобызының қақпағының шет-шетіне шанаққа ұстату мақсатында жұқа тері жабыстырылған. Аспаптың қақпағына екі шексіздік (эфтар) белгісі және екі ойық ойылған. Қақпақтың төменгі жағы, яғни терімен тоғысатын жері де ашық. Шанақтың төменгі жағы терімен қапталған. Қырым татарларының қобызының бетіндегі ағаш қақпаққа дөңгеленген төрт үлкен ойық ойылған. Қарачай-Черкес ноғайларының қобызының беті ағаш қақпақпен жабылған. Қақпаққа екі шексіздік белгілері (эфтар) мен бес кішкентай дыбыс ойықтары бар.

Майкоп мұражайындағы және Қарачай-Черкес ноғайларының қобыздарының ысқышытары қазақ қобызының ысқышынан өзгеше. Ысқыштың жамығы садақ сияқты иілген, тұтқасы Қарақалпақ қобузының ысқышына ұқсас (тұтқасы матамен оралған). Жамықтың төменгі жағы қалыңдау болып, жоғарғы жағы жіңішке келеді.

Айырмашылықтар: Басы. Астрахань қобызының басына темір салпыншақтар ілінген болуы керек. Г. Гмелин осы туралы: «...Когда на кобызе играют, то часто потрясывают инструментом, чтобы через то на конце рукоятки находящиеся металлические бляшки в движение приходили и звенели», – деп сипаттайды. Қазақ бақсылары өздерінің бақсылық ойындарында қобыздың дыбысын күшейту мақсатында аспапты сілкілеп, басына, қобының ішіне ілінген темір салпыншақтардың дыбысын шығарған. Астрахань қобызының басы қарақалпақ қобыздарыныңкіндей алға қарай еңкіш. Айна орнатылмаған. Майкоп мұражайындағы Кубань қобызының басына салпыншақтар ілінбеген және бастың пішіні өзгеше.

Мойны. С.Г. Гмелиннің суретіндегі қобыздың мойнында екі көлденең салынған сызықшаларды көруге болады. Бұл қазіргі қарақалпақ қобузына өте ұқсас. Қарақалпақ қобыздары екі бөліктен тұрады: шанағы және бас бөлігі. Қобыздарының мойындары алынып салынатын болғандықтан мойынды шанаққа біріктіру үшін темір құрсаулар бекітіледі. Темір құрсаулар шанақтан шыққан мойын мен бөлінген мойынның ұштарында орналасады. Сонымен қатар қазақ қобыздарының мойындарында темір құрсаулары бар бірақ мойындары алынып салынбайды. Аспаптардың бұл түрлерінің мойындары екі түрлі ағаштан жасалған немесе ұзындығы бір метрге жуық тұтас ағаштардың кездеспеуінен деп жорамалдаймыз. Майкоп мұражайындағы қобыздың мойны басқаларға қарағанда ұзын.

Шанақ. С.Г. Гмелиннің сипаттауынша аспаптың шанағы дөңгелек, іші қуыс, терең. Бұл аспаптың беті тақтаймен жабылмаған, суреттен қобының бетінде мойын мен кіші шанақтың арасында жіңішке зат қойылған. Бұны біз мойын мен кіші шанақты керін тұратын керағаш деп жорамалдаймыз. Майкоп мұражайындағы Кубань ноғайларының және Қарачай-Черкес ноғайларының қобызының терісінде кішкентай ойық бар. Дәл осындай ойықты Алматы қаласының Ықылас атындағы халық аспаптар мұражайында сақтаулы тұрған Жарас бақсының қобзынан көруге болады.

Құйысқан. Астрахань қобызының ішектері төменгі жағында аспап дүміндегі түймеге бекітілген қайысбауға байланған. Қобыз шанағының төменгі жағы қайысбаумен қоса жіппен көлденең оратылған. Бұл әдіс ішектерді мықтырақ бекіту үшін жасалған болса керек. Аспаптың ішектері жіп немесе қайысбау сияқты материалдармен тартылған.

Түйме. Майкоп мұражайындағы Кубань қобызының түймесі шанақпен тұтас ойлып жасалған. XIX, XX ғасырларда қазақтар арасында тараған қобыздардың түймелері де осы әдіспен жасалатын.

Аспапты қайта жаңғырту. Н.Г. Жиғанов атындағы Қазан мемлекеттік консерваториясында өткізілген ғылыми іс-тәжірибе кезінде татар өнерпаздарының татар қылқобузына деген қызығушылығын байқадық. Қазан консерваториясының түлегі Асхадуллин Алмаз бен Габитов Русланның арнайы өтініші бойынша 2019 жылдың Ақпан-Наурыз айларында XVIIIғ. Г. Гмелиннің еңбегіндегі Астрахань татарлары қыл-қобызының суреті мен ғалым Г.М. Макаровтың И. Георгидің сипаттамасы бойынша жасаған XIXғ. Черемшан өзені бойындағы татарлардың қобызының реконструкциясының негізінде аталған аспаптарды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Аспаптарды шебер Болатбек Өтегенов жасады.

Г. Макаровтың реконструкциясы негізінде жасалған қобыз қара ағаштан шабылды. Құлақтары мен тиегі бук ағашынан жасалды. Ең алдымен, аспаптардың өлшем бірліктерін есептеп шығардық. Қобыздың өлшемдері мынандай: аспаптың жалпы ұзындығы 81 см; шанақтың ұзындығы 45 см; үлкен шанақтың ұзындығы 24,5 см; кіші шанақтың ұзындығы 20,5 см; үлкен шанақтың жалпақтығы 15 см; кіші шанақтың жалпақтығы 9 см, төмен қарай 5 см дейін жіңішкерген; қобының тереңдігі 7,5 см; басының ұзындығы 13,5 см; басының жалпақтығы 8 см; тиектің биіктігі 3,5 см; тиектің жалпақтығы 4,5 см; мойынның ұзындығы 22,5 см; мойынның қалыңдығы жоғарғы жағында 2,7 см, төмен жағы 3,5 см. Аспаптың дыбысы ашық, қатты, құлаққа жағымды шықты. Ішек бойындағы жәй дыбыстар мен обертоны дыбыстар таза, оңай дыбысталды. Аснасмбл құрамында қобыздың дыбысы жақсы естіліп, тыңдармандарға ерекше әсер етіп, қызығушылықтарын арттырды.

Г. Гмелиннің еңбегіндегі Астрахань татарларының қобызының қайта жаңғыртылған түрі үйенкі ағашынан, ал құлақтары мен тиектері бук ағашынан жасалды. Аспап ағаштан тұтас шабылды. Мойын мен шанақты керіп тұратын қобы ішіндегі кереғаш та шанақпен тұтас шабылып жасалды. Бұндай үлгіде жасалған қобыздарды қазақ қобыздарының арасынан кездестіруге болады. Солардың бірі Ықылас атындағы халық аспаптар мұражайында ілулі. Мойын мен шанақтың түйіскен жері қалыңдау жасалды. Бұл ішек тартылған кезде аспап шанағының сынып кетуінен сақтайды. Аспаптың басы алға қарай еңкіш. Тері қақпақ қайыс баумен ұстатылды. Суретте қобыздың мойны қатты пілген әрі қысқа. Ал біз аспап мойнын қолға ыңғайлы болуы үшін қатты иіген жоқпыз және сәл ұзындау жасадық. Қобыздың өлшем бірліктері мынандай: аспаптың жалпы ұзындығы 90 см; шанақтың ұзындығы 50 см; үлкен шанақтың ұзындығы 26 см; кіші шанақтың ұзындығы 24 см; үлкен шанақтың жалпақтығы 29 см; кіші шанақтың жалпақтығы жоғарғы жағы 12 см, төмен қарай 7 см дейін жіңішкерген; қобының тереңдігі 9,5 см. басының ұзындығы 15,5 см; басының жалпақтығы 11 см; тиектің биіктігі 3,5 см; тиектің жалпақтығы 4,5 см; мойынның ұзындығы 25 см; мойынның қалыңдығы жоғарғы жағында 3 см, төмен жағы 3,5 см; құйысқанның ұзындығы 9 см ;

Аспаптың көлемі, пішіні, дыбысы қазақ нар-қобызымен бірдей болып шықты. Дыбысы жуан, төмен, әрі жұмсақ. Көлемі үлкен болғандықтан дыбысы қатты шығады.

Қорыта келгенде, Астрахань, Қырым, Черемшан өзенінің маңындағы татарлар мен Кубань ноғайларының қыл-қобыз тектес аспаптарының бір аспап екендігіне көз жеткіземіз. Олар тек жасалуы мен құрылымдық жағынан ерекшеленеді.

Г. Гмелиннің Астрахань татарлары дегені Астрахань ноғайлары болса керек. Себебі оның салған суреті қазақ, ноғай қобыздарына өте жақын. Көлемдері үлкен, шанақтары жалпақ. Ал татар халқының қобыздарының шанақтары сопақша, әрі ұзынша келеді. Себебі татар қобыздарына скрипка, гудок сияқты аспаптардың әсері қатты болған.

Зертеу барысында ноғай қобызы мен қарақалпақ қобыздарының арасында ұқсастық байқалды. Жалпы аспаптардың негізгі қызметтері де бірдей сияқты. Қарақалпақ жыраулары қобызбен жыр жырлаған. Үйлену тойларында «Едіге», «Қырық қыз», «Алпамыс» және т.б. жырларды жырлап тойларды атқарған. Жоғарыда айтып кеткендей ноғай халқының тойларында дәл осылай қобыздың сүйемелімен «Едіге» және т.б. жыр-дастандар орындалған. «Едіге» жыры Орталық Азия, Еділ бойы, Кавказ, Қырым сияқты түркі халықтары қоныстанған жерлерге кеңінен тараған [11, б.155]. Ноғай қобыздарының мойны пілген. Аспаптың басы қарақалпақ қобыздарындай алға қарай еңкіш. Сонымен қатар Г. Гмелиннің суретіндегі қобыздың мойнынан қарақалпақ қобыздарында кездесетін темір құрсауларды көруге болады.

Қыл-қобыз аспабының негізгі функциясы бақсылықпен байланысты екендігі белгілі. Қазақ халқында бақсылар XX ғ. дейін жеткен. Сондықтан аспап құрылысындағы айна, сылдырмақ сияқты элементтер осы күнге дейін сақталған. Қырым татарлары мен Кубань ноғайларының қобыздарына қарап XVIII ғасырда аталған аспаптардың негізгі қызметінің ауысқандығын және еуропалық мәдениеттің тигізген әсерін көре аламыз. Қобыздың қобысы ағашпен жабылып, ішіне орнатылатын айна аспаптың бас бөлігіне ауысқан. Аспаптардың жасалу әдіс-тәсілдері мен пайдаланатын заттар (ағаш, тері, қыл) да сол қалпы жеткен. Қыл-қобыз тектес аспаптардың жоғарыда аталған елдерде кездесуі, аспап пішіндерінің, құрылысының, орындаушылық ерекшеліктерінің өзгермей жетуі олардың бір тамырдан таралғандығына және бәрінің бір этномәдениетке ортақ екендігінің дәлелі бола алады.

Түркі халықтарының ішекті-ысқышты қобыз тектес аспаптарын салыстырмалы түрде зерттеу сол елдердің музыкалық мәдениеті туралы білімімізді кеңейтіп қана қоймай, аспаптардың сол мәдениеттегі орнын, даму кезеңдерін анықтап, музыкалық және орындаушылық ерекшеліктерін анықтауға жол ашады. Салыстырмалы зерттеулердің әр елдің музыкалық аспаптарының өзіндік ерекшеліктерін айқындап қана қоймай, оларды қайта жандандыруға, дамытуға үлкен септігін тигізетіні сөзсіз. Бірақ, қазіргі таңда түркі халықтарының көбінде ұмытылып кеткен мұраларын қайта тірілту мәселелері қолға алынуда. Сондықтан түркі халықтарына ортақ қобыз тектес аспаптарды салыстырмалы түрде зерттеу өз жемісін беретіні сөзсіз.

М.С. Медеубек¹, С.Ы. Утеғалиева¹, С.М. Медеубек²

¹КНК им.Курмангазы, Алматы, Қазақстан;

²Каз ГУ им.Аль-Фараби, Алматы, Қазақстан

КЫЛ-КУБЫЗЫ ТАТАР И НОГАЙЦЕВ ПОВОЛЖЬЯ И ПРОБЛЕМЫ ИХ РЕКОНСТРУКЦИИ

Аннотация. Кыл-кобыз – двухструнный смычковый хордофон с волосяными струнами, изготавливается из цельного куска дерева. В культуре тюркских народов, населяющих Центральную Азию, встречается множество типологически-родственных инструментов. В настоящее время этот инструмент хорошо сохранился у казахов (кыл-кобыз), киргизов (кыл-кыяк) и каракалпаков (кобыз). Согласно историко-этнографическим сведениям подобные смычковые инструменты в прошлом встречались в культуре татарского, ногайского народов, населявших регион Поволжья. В работе впервые приводится описание кобызов астраханских, крымских татар и кубанских ногайцев, а также рассматриваются проблемы реконструкции данных инструментов.

Цель статьи – изучение типологически-родственных кубызу инструментов этих народов, выявление общих черт и различий. При ее написании использовались сравнительно-типологический, сравнительно-исторический и системно-этнофонический (И.Мациевский) методы.

О смычковых инструментах типа кыл-кобыза тюркских народов Центральной Азии написано немало исследований. Среди них работы Ч.Валиханова, А.Маргулана, Н.Миронова, В.Беляева, В.Виноградова, А.Жубанова, Б.Сарыбасва, Ф.Кароматова, А.Мухамбетовой, С.Субаналиева, С.Утеғалиевой, С.Кузембай, Г.Омаровой и других ученых. Кубызы народов, населявших регион Поволжья, почти не изучались. В этой связи укажем на малочисленные изыскания таких ученых, как С.Г.Гмелин, П.С.Паллас, Н.Исанбет, М.Нигмедзянов, Ш.Х.Монасыпов, Г.М.Макаров, Д.Булатова, З.Л.Гучев.

Кобызы астраханских, крымских татар и ногайцев Кубани оказались схожими. Они бОльшого размера. Верхняя часть их корпуса круглая, закрыта деревянной декой. Нижняя часть покрыта кожаной мембраной. Данные инструменты немного отличаются от кубыза татар бассейна реки Черемшан начала XIX в. Инструмент имеет продолговатый, овальный корпус, а верхняя его часть остается открытой.

Кобызы астраханских, крымских татар и ногайцев Кубани сохранили элементы шаманизма. На них используются зеркало и металлические подвески.

кНа примере кобызов крымских татар и кубанских ногайцев, а именно их строения, можно говорить о смене основной функции инструмента – от шаманского к более светскому. Сказанное подтверждается тем, что верхняя часть корпуса кобыза стала закрываться деревянной декой, на которой появились отверстия в виде эф, как на скрипке. Зеркала вместе с подвесками украшают головку инструмента. В этом проявляется влияние европейской и славянской музыкальной культуры XVIII в. Данные инструменты принадлежат к одной этнокультуре, поскольку их строение, способы изготовления и используемые материалы дошли до нас в неизменном виде.

Сравнительные исследования смычковых хордофонов тюркских народов не только расширяют наши представления о музыкальной культуре тюрков, но и позволяют определить пути развития данного инструмента на территории Евразии. На наш взгляд, необходимо выявить роль данного хордофона в той или иной родственной музыкальной культуре, а также заново восстановить некоторые его виды.

В настоящее время тюркскими народами предпринимаются попытки возродить забытые музыкальные инструменты. Многие деятели культуры, исследователи и музыканты Татарстана проявляют большой интерес к реконструкции татарского кыл-кубыза.

По заказу талантливых музыкантов, энтузиастов Татарстана Асхадуллина Алмаза и Габитова Руслана нами были изучены и воссозданы два вида кыл-кубыза. Это – кыл-кубыз астраханских татар, воспроизведенный на основе исследований Г.Гмелина, а также кыл-кубыз татар по реконструкции

Г.Макарова. Благодаря проведенной работе, появилась возможность услышать звучание этих инструментов и сравнить их с другими видами кобызов.

Нынче эти кыл-кубызы как национальные звучат на различных сценах Татарстана и получают положительные отзывы со стороны знатоков и любителей традиционной музыки.

Ключевые слова: смычковые хордофоны, кобыз, кобуз, нар-кобыз, кыл-кыяк, татарский кыл-кубыз, ногайский кобыз.

M.S. Medeubek¹, S.I. Utegalieva¹, S.M. Medeubek²

¹Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy, Almaty, Kazakhstan;

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

KYL-KUBYZ OF TATARS AND NOGAYS OF THE VOLGA REGION AND PROBLEMS OF THEIR RECONSTRUCTION

Abstract. *Kyl-kobyz* is a two-string bowed chordophone with hair strings, made from a single piece of wood. Many instruments typologically related to *kobyz* were widespread in the culture of Central Asian Turkic peoples. Kazakh (*kobyz*), Kyrgyz (*kyiak*), Karakalpak (*kobuz*) peoples preserved this instrument very well. According to historical and ethnographic information, such stringed instruments in the past were found in the culture of the Tatar and Nogai peoples inhabiting the Volga region. In this work for the first time we consider the Astrakhan, Crimean Tatars and Kuban Nogais *kobyz*.

The purpose of this article is the study of these peoples' instruments, which are typologically related to *kobyz*, and identify common features and differences.

In this work, we used comparative-typological, comparative-historical and system-ethnophonic (I.Matsiewsky) methods.

A lot of researches have been written about the instruments of the Central Asian Turkic peoples, especially *kobyz*. Among them the works of Sh.Walikhonov, A.Margulan, N.Mironov, V.Belyaev, V.Vinogradov, A.Zhubanov, B.Sarybaev, F.Karomatov, A.Mukhambetova, S.Subanaliev, S.Utegalieva, S.Kuzembai, G.Omarova and other scholars. At that time, *kobyz* of the peoples who inhabited the Volga region was hardly studied. In this regard, we point out the rare researches of such scientists as N.Isanbet, M.Nigmedzyanov, Sh.Kh.Monasypov, G.M.Makarov, D.Bulatova.

Kobyz Astrakhan, Crimean Tatars and Nogai Kuban were similar. All of them relate to related tools. They are larger. The upper part of their hull is round, closed with a wooden deck. And the lower part is covered with a leather membrane. These tools are slightly different from the cubes of the Tatar basin of the Cheremshan River at the beginning of the 19th century. The tool has an elongated, oval body.

Kobyz of Astrakhan, Crimean Tatars and Kuban Nogais were similar. They are large. The upper part of their body is round, closed with a wooden deck. The lower part of body is covered with a leather membrane. These instruments are slightly different from *kubyz* of Tatars of the Cheremshan River basin (beginning of the 19th century). The instrument has an elongated, oval body, and its upper part remains open.

Kobyz of Astrakhan, Crimean Tatars and Kuban Nogais retained elements of shamanism. They use a mirror and metal pendants.

On the example of the *kobyz* of the Crimean Tatars and the Kuban Nogais, namely their structure, we can talk about a change in the main function of the instrument - from shamanic to more secular. This is confirmed by the fact that the upper part of the *kobyz* body began to be closed with a wooden deck, on which holes appeared like on a violin. Mirrors, along with pendants decorate the head of the instrument. This manifests the influence of European and Slavic musical culture of the XVIII century. These musical instruments belong to the same ethnic culture, since their structure, manufacturing methods and materials used have reached us unchanged.

Comparative studies of the bowed chordophones of the Turkic peoples not only expand our understanding about the musical culture of the Turks, but also allow us to determine the development ways of this instrument in Eurasia. In our opinion, it is necessary to identify the role of this chordophone in one or another related musical culture, as well as to revive some of its forms.

Currently, Turkic peoples are trying to revive forgotten musical instruments. Many cultural figures, researchers and musicians of Tatarstan show great interest in the reconstruction of the Tatar *Kyl-Kubyz*.

At the request of the talented musicians and enthusiasts of Tatarstan such as Askhadullin Almaz and Gabitov Ruslan, we studied and recreated two types of *kyl-kubyz*. These are the *Kyl-Kubyz* of the Astrakhan Tatars, reproduced on the basis of the research of G. Gmelin, as well as the *Kyl-Kubyz* of the Tatars under the reconstruction of G. Makarov. Thanks to the work done, it became possible to hear the sound of these instruments and compare them with other types of *kobyz*.

Nowadays, these *kyl-kubyz* as national instruments sound on various concert venues of Tatarstan and receive positive reviews from experts and lovers of traditional music.

Key words: bowed chordophones, *kobyz*, *kobuz*, *nar-kobyz*, *kyl-kyyak*, Tatar *kyl-kubyz*, *Nogai kobyz*.

Information about authors:

Medeubek M.S., doctoral student of Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy, Almaty city, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0003-2218-3242>;

Utegalieva S.I., Professor, Doctor of Arts Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy, Almaty city, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0001-9867-8511>;

Medeubek S.M., Candidate of Philological Science, docent Al-Farabi Kazakh National University, Almaty city, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0002-6057-2962>

REFERENCES

- [1] Bachmann W. (1964). Die Anfänge des Streich instrumenten spiels. Leipzig, s. 57-70.
- [2] Privalov N.I. (1904). Gudok, drevnerusskii narodniy muzikalniy instrument, b svyazi s smychkovymi instrumentami drugih stran. [Buzzer, an old Russian folk musical instrument, in connection with bowed instruments of other countries] Str.16
- [3] Voprosy etnogeneza turkoyazychnyh narodov Srednego Povolgiya I Priuraliya. (1971), [Questions of ethnogenesis of the Turkic-speaking peoples of the Middle Volga and Ural regions.] Kazan`str.28
- [4] Amanov B., Muhambetova A., (2002). Kazakhskaya traditsionnaya muzyka i XX vek [Kazakh traditional music and the XX century] Almaty: Daik Press. 114 b. (In Russian).
- [5] Makarov G. Traditsionnyye muzykal'nyye instrumenty kryashen. Katalog vystavki «Iskusstvo kryashen» v ramkakh proyekta «Iskusstvo narodov Tatarstana». Kazan': Zaman, 2013. 80 s.
- [6] Kashgari Mahmud. (2005). Divan Lugat at-Turk/Perevod I predislovie Z. Auezovoi A.M. Almaty, s.1822.
- [7] Gmelin G. (1777). Puteshestvie po Rossii dliya issledovaniya treh carstv prirody. Ch2. Puteshestvie ot Cherkaska do Astrahani I prebyvanie v sem gorode: s nachala avgusta 1769 po piyatoe iunyia 1770 goda. [Travel to Russia to explore the three kingdoms of nature. Part 2. Travel from Cherkask to Astrakhan and stay in this city: from the beginning of August 1769 to the fifth of June 1770.] S.361.
- [8] Usmanov M.A. (1972), Tatarskie istoricheskie istochniki XVII-XVIIIvv. [Tatar historical sources of the XVII-XVIII centuries] Kazan` s.224.
- [9] Monasypov Sh.H. (1978). Istoki formirovaniya tatarskoi smychkovoi kultury. V sb.: Muzykalniya kultura narodov Povolgiya. [Musical culture of the Volga peoples]. M.s181.
- [10] Almetevskiy region: problem istoriko-kulturnogo naslediya. (2000). [Almetev region: problems of historical and cultural heritage] Sbornik stsei-Kazan': RIC "Dom pechati" .
- [11] Alpysbayeva K.B. Epic "Edige – Nuran in K.Zhapsarbaev's repertoire and specifics of its plot. News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities. ISSN 2224-5294. Volume 2, Number 312 (2017), 5-8.